

2020 - 2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 67-2 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 4468 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Талас аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 14 891 253 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 1 194 924 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 18 578 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 286 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 12 586 116 мың теңге;
- 2) шығындар – 16 941 852 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 202 451 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 226 588 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 24 137 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2 253 050 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 253 050 мың теңге, оның ішінде:
 - қарыздар түсімі – 2 269 507 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 24 137 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын бос қалдықтары – 7 680 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 20.04.2020 № 71-8 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 23.06.2020 № 74-3 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі; 25.08.2020 № 77-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 22.10.2020 № 81-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 07.12.2020 № 83-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2020 жылы аудандық бюджеттен Қаратау қаласына және ауылдық округ бюджеттеріне берілетін субвенция мөлшері 382 723,0 мың теңге, оның ішінде:

- Қаратау қаласына – 63 615,0 мың теңге;
- Үшарал ауылдық округіне - 26 465,0 мың теңге;
- Ақкөл ауылдық округіне – 26 417,0 мың теңге;
- Берікқара ауылдық округіне – 25 165,0 мың теңге;
- Бостандық ауылдық округіне – 25 635,0 мың теңге;
- Қызыләуіт ауылдық округіне – 24 404,0 мың теңге;
- Ойық ауылдық округіне – 28 121,0 мың теңге;
- С.Шәкіров ауылдық округіне – 26 018,0 мың теңге;
- Аққұм ауылдық округіне – 22 312,0 мың теңге;
- Көктал ауылдық округіне – 20 435,0 мың теңге;
- Кенес ауылдық округіне – 23 567,0 мың теңге;
- Тамды ауылдық округіне – 25 997,0 мың теңге;
- Қаратау ауылдық округіне – 22 467,0 мың теңге;
- Қасқабұлақ ауылдық округіне – 22 105,0 мың теңге.

3. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабына сәйкес 2020-2022 жылдары аудандық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықақылары мен тарифтік ставкаларының жиырма бес проценті мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы көзделсін.

4. 2020 жылғы аудандық жергілікті атқарушы органының резерві 50 888 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.

Ескерту. 4–тармаққа өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 20.04.2020 № 71-8 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 23.06.2020 № 74-3 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. Жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын 2020 жылға арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет-ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Талас аудандық

мәслихатының сессия төрағасы

Талас аудандық мәслихат

хатшысы

Г. Картабаев

А. Тулебаев

Талас ауданы мәслихатының

2019 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 67-2 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған аудан бюджеті

Ескерту. 1–қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 07.12.2020 № 83-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты		Сомасы , мың теңге
Сыныбы		
Ішкі сыныбы		
Атауы		
	1. КІРІСТЕР	14 891 253
1	Салықтық түсімдер	1 194 924
01	Табыс салығы	334 420
	1 Корпоративтік табыс салығы	16 651
	2 Жеке табыс салығы	317 769
03	Әлеуметтік салық	321 632
	1 Әлеуметтік салық	321 632
04	Меншікке салынатын салықтар	515 419
	1 Мүлікке салынатын салықтар	513 661
	5 Бірыңғай жер салығы	1 758
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	19 053
	2 Акциздер	2 126
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10 260
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 511
	5 Ойын бизнесіне салық	156
08	Заңдық маңызы бар-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 400
	1 Мемлекеттік баж	4 400
2	Салықтық емес түсімдер	18 578
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 964
	1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	356
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 548

	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	25
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	35
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 390
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5 390
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	8 224
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8 224
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 286
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	745
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	745
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	8 541
	1	Жерді сату	8 541
4		Трансферттердің түсімдері	13 668 465
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13 668 465
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	13 668 465

Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бюджеттік бағдарлама			
Кіші бағдарлама			
Атауы			
1	2		3
		2. Шығындар	16 941 852
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	969 304
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	27 542
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27 542
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	159 902
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	150 418
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 484
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	338 194
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 908
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 015

	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	226
	018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	575
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	309 470
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	27 417
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 721
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	696
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	398 561
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 289
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	540
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	377 732
493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	17 688
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 273
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	415
02		Қорғаныс	22 926
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 981
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 981
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 945
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	11 945
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	21 068
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	21 068
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	21 068
04		Білім беру	8 475 024
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	268 234
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	268 234
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5 946 832
	003	Жалпы білім беру	5 657 076
	006	Балаларға қосымша білім беру	289 756
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	517 927
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	517 927

464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 742 031
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 374
004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	93 396
005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	192 757
015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	18 329
023	Әдістемелік жұмыс	21 189
029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	20 558
067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	418 168
113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	962 260
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 265 914
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	385 209
005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	385 209
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5 592
030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	5 592
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	768 622
002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	581 697
004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	17 988
006	Тұрғын үйге көмек көрсету	4 199
007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	33 679
010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2 606
014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	37 055
017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	47 560
023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	43 838
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	106 491
001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47 549

	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 850
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 278
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	26 044
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	9 770
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 241 764
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	178 208
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	13 178
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	165 030
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	943 846
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	576 264
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	115 722
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	251 860
479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	11 495
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 495
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 341 631
	011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	536 227
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	336 829
	027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	6 604
	028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11 500
	029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	263 333
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	187 138
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	766 584
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	261 402
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	88 701
	017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	5 716
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	410 765
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	825 793
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	380 448
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	380 448
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5 991
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	5 991
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	95 140

	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 535
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 195
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	20 060
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	9 130
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	22 660
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	14 560
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5 989
	008	Спорт объектілерін дамыту	5 989
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	107 981
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	107 981
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	45 765
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	45 765
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	112 637
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 015
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	380
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	95 242
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	71 842
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 715
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	40 851
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 276
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	43 012
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	43 012
	036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	43 012
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	143 673
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	27 457
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 150
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	307
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	78 772
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 309
	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 642
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	6 552
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2 654

	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	8 110
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	49 505
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	21 053
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 266
	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2 787
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	16 391
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	16 391
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	73 401
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	73 401
	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 776
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	52 041
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	584
12		Көлік және коммуникация	1 336 025
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 316 241
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	10 423
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	37 512
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	648 197
	051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	620 109
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	19 784
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	19 784
13		Басқалар	36 817
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	36 817
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	36 817
14		Борышқа қызмет көрсету	32
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	32
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	32
15		Трансферттер	487 099
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	487 099
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	68

	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	104 308
	038	Субвенциялар	382 723
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	202 451
		Бюджеттік кредиттер	226 588
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	170 536
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 629
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	13 629
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	145 214
	88	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	145 214
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	11 693
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	11 693
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	56 052
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	56 052
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	56 052

Санаты		Сомасы, мың теңге	
Сыныбы	Атауы		
	Ішкі сыныбы		
1		2	3
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	24 137
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	24 137
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	24 137

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
Бағдарлама		
Атауы		
1	2	3
	4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
	Қаржы активтерін сатып алу	0

Санаты		Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Атауы	

		Ішкі сыныбы	
1		2	3
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
1	2		3
	5. Бюджет тапшылығы (профициті)		-2 253 050
	6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)		2 253 050

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Атауы	
		Ішкі сыныбы	
1		2	3
7		Қарыздар түсімі	2 269 507
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	2 269 507
		2 Қарыз алу келісім-шарттары	2 269 507

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
1	2		3
16		Қарыздарды өтеу	24 137
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	24 137
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	24 137

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Атауы	
		Ішкі сыныбы	
1		2	3
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	7 680

2 қосымша

2021 жылға арналған аудан бюджеті

Санаты		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	
	Ішкі сыныбы	
	Атауы	
	1. КІРІСТЕР	9 955 520
1	Салықтық түсімдер	999 660
01	Табыс салығы	250 083
	2 Жеке табыс салығы	250 083
03	Әлеуметтік салық	261 781
	1 Әлеуметтік салық	261 781
04	Меншікке салынатын салықтар	462 120
	1 Мүлікке салынатын салықтар	459 736
	5 Бірыңғай жер салығы	2 384
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	21 086
	2 Акциздер	2 120
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	11 118
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 910
	5 Ойын бизнесіне салық	938
08	Заңдық маңызы бар-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 590
	1 Мемлекеттік баж	4 590
2	Салықтық емес түсімдер	15 402
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 202
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5 202
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 200
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	10 200
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	27 400
03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	27 400
	1 Жерді сату	26 803
	2 Материалдық емес активтерді сату	597
4	Трансферттердің түсімдері	8 913 058
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	8 913 058
	2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	8 913 058

Функционалдық топ

Функционалдық кіші топ		Сомасы , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
Бюджеттік бағдарлама		
Кіші бағдарлама		
	Атауы	
1	2	3
	2. Шығындар	9 955 520
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	348 609
112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	27 100
	001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 100
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	143 802
	001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	138 715
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 087
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	55 703
	001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 199
	003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 000
	010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	900
	018 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	800
	113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	29 804
453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	24 569
	001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 435
	004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 134
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	79 764
	001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 955
	013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
	067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	60 809
493	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	17 671
	001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 171
	003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
02	Қорғаныс	11 861
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 861

	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 861
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	15 206
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15 206
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	15 206
04		Білім беру	7 061 248
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	271 160
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	271 160
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 966 407
	003	Жалпы білім беру	4 725 943
	006	Балаларға қосымша білім беру	240 464
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	370 859
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	370 859
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 452 822
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 042
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	48 000
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	210 000
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	18 380
